

С. А. Асатаев, жалпы білім беретін пәндер кафедрасының оқытушысы, экология магистрі, полиция капитаны;

А. М. Дүйсембеков, жалпы білім беретін пәндер кафедрасының оқытушысы, полиция майоры

Е. М. Баймұқанов, жалпы білім беретін пәндер кафедрасының доценті, саяси ғылымдардың кандидаты, полиция майоры

(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.)

Қазақстан Республикасы ІІМ ведомстволық жоғары оқу орындарының курсанттарына экологиялық білім мен тәрбие беру

Аннотация. Мақалада Қазақстан Республикасы ІІМ ведомстволық жоғары оқу орындарының курсанттарына экологиялық білім және тәрбие беру арқылы экологиялық мәдениеттілігін қалыптастыруға бағытталған экологиялық білім мен тәрбие берудің өзектілігін көрсетеді.

Түйін сөздер: экологиялық білім мен тәрбие беру, экологиялық жауапкершілік, ғылыми-техникалық прогресс, экологиялық сана, экологиялық ойлау, экологиялық мәдениет, ЭКСПО-2017, тұрақты даму.

Қазақстан Республикасы тұрақты дамудың жаңа жолына түскен кезеңде курсанттарды ізгілікке, эстетикаға, отансүйгіштікке баулитын экологиялық білім мен тәрбие берудің маңызы арта түсуде. Себебі, «табиғат — қоғам — адам» жүйесіндегі қарым-қатынастардың шиеленісуі жылдан-жылға күшейіп, экологиялық зардаптар тіршілікке қауіп төндіріп отыр.

Жер бетіндегі тіршілікті қорғау, бүкіл адамзаттың бірігуін талап етеді. Тұрақты даму мәселесін шешу үшін, ең қарапайым тәсілі әр адамның экологиялық сауатсыздығын жоюдан бастау керек. Адамның ең негізгі мақсаты — биосфераны қорғау және сақтап қалу.

Экологиялық мәселелердің алдын алу үшін адам ретсіз дамуды тиімді, реттелген, табиғат пен қоғамның даму заңдарына негізделген дамуға өтуі тиіс. Тек осы кезде ғана адамзат қоғамының дамуы үздіксіз, ұзақ уақыттық, бірқалыпты жағдайда, табиғи және әлеуметтік дағдарыссыз дамиды [1].

Экологиялық білім беруге деген қажеттілік адамның өміріне қажетті қолайлы ортаны қамтамасыз етумен байланысты. Қоршаған ортаның сапасы адамның негізгі құқығының бірі — денсаулықты және дамудың негізгі мақсатын анықтайды. Экологиялық білім беру табиғатқа адамгершілік қатынасты қалыптастыру, табиғатты өзгертудің шекті мөлшерін анықтау үшін, адамның одан әрі өмір сүруімен дамуына мүмкіндік беретін мінез-құлқының арнайы әлеуметтік-табиғи заңдылықтарын меңгеру үшін қажет.

Экологиялық білім берудің негізгі мақсаты — табиғатқа деген жауапкершілік қатынасты қамтамасыз ету. Экологиялық білім беру дегенде әрбір адамның жалпы экологиялық мәдениеттілігін қалыптастыруға бағытталған үздіксіз білім, тәрбие беру және даму процестері екенін түсінеміз. Экологиялық жауапкершілік адамның мына қасиеттерімен байланысты: өзінің іс-әрекетін бақылау, табиғи ортадағы өзінің іс-әрекетінің жақын

кезеңдегі және болашақтағы нәтижелерін болжай білу, өзіне және басқаларға сын көзбен қарай білу және т. б.

Экологиялық мәдениет — экологияның білім беру жүйесінің міндетті бір бөлігі, адамның материалдық және рухани тіршілігін қамтиды. Екіншіден, экологиялық мәдениет — табиғатты танып білу, пайдалану және жаңартумен байланысты, іс-әрекет түрлерінің негізі. Экологиялық мәдениет — әрбір қоғамдағы жалпы мәдениеттің ең мәнді элементтерінің бірі болып табылады, өйткені әлеуметтік іс-әрекет ұдайы қоршаған ортаның өмір сүру талаптарымен байланыста болады. Яғни, экологиялық мәдениет әлеуметтік феномен ретінде қоғам мен табиғаттың өзара қарым-қатынасын реттеу қажеттілігінен туындайды. Курсанттардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру үшін экологиялық білім мен тәрбие қоса берілуі керек. Себебі, экология негіздерін білу — курсанттардың бойында қалыптасып, дамитын экологиялық мәдениеттің түп тамыры іспеттес.

Экологиялық білім беру дегеніміз — әртүрлі деңгейдегі экологиялық білімдерді меңгеру. Экологиялық білім берудің екі негізгі бағыты бар қоршаған ортаны қорғаудың жалпы ілімі негізінде тәрбиелеу және табиғатпен антропогенді экожүйелердің өзара қатынасының жалпы заңдылықтары туралы арнайы білім беру. Ал, білім беру жүйесін экологизациялау — экологиялық ойлардың, принциптер мен көзқарастың басқа пәндерге енгізу және экологиялық білімді әртүрлі салалардың мамандарын дайындау.

Экологиялық жауапкершілік адамның мына қасиеттерімен байланысты: өз іс-әрекетін бақылау, табиғи ортадағы өзінің іс-әрекетінің жақын кездегі және болашақты нәтижелерін болжай білу, өзіне және басқаларға сын көзбен қарай білу және т. б.

Ғылыми-техникалық прогрестің жедел дамуы барысында, қоғам мен табиғаттың қарым-қатынас мәселелеріндегі күрделі шиеленістерді дұрыс шеше білу, бүкіл жер шарының болашағын, әрбір азаматтың өмірін сақтауға мүмкіндік туады. Өйткені, өндірістің дамуы барысында табиғи қорлардың дағдарысқа ұшырауына, қоршаған табиғи ортаның ластануына себепші болып, жаңа дағдарыстардың туындауына ұйытқы болды.

Қазіргі технологиялық заманға сай экологиялық білім мен тәрбие берудің мақсатына:

- қоршаған ортаға жауапсыздықпен қараушыларға жол бермеу;
- жастардың бойында экологиялық мәдениет дағдысын қалыптастыру;
- қоғамдық пайдалы еңбек және еңбек тәрбиесі арқылы табиғатты қорғау, күту және жақсарту;
- экологиялық білімді насихаттау жатады.

Экологиялық білім деңгейін көтеруде радио-теледидардан берілетін хабарлардың, бұқаралық ақпарат құралдарының, дәрістердің, интернеттен алынатын экологиялық деректердің, курсанттардың экологиялық санасын қалыптастыруда рөлі айрықша. Сондай-ақ, олардың экологиялық мәдениетін қалыптастыратын семинар, баспасөз конференциялары, дөңгелек үстелдер, қоғам қайраткерлерімен кездесулер және т. б. экологиялық тәрбиенің қайнар көзі болып табылады.

Қазіргі уақытта экологиялық тәрбие беру жер бетінің әрбір тұрғынын қамтуға тиісті бүкіл халықтың мәселесіне айналып отыр. Экологиялық тәрбие үш жақты міндет түрінде қарастырылуы тиіс:

1. Адамның табиғатпен қарым-қатынасын анықтау.
2. Қазіргі және болашақ ұрпақ алдына табиғаттың сақталуы үшін азаматтық жауапкершілік сезімін қалыптастыру.
3. Табиғат ресурстарын тиімді пайдалану мәселелерін дұрыс шешуге үйрету.

Экологиялық тәрбие беру тұлғаны тәрбиелеудің бөлінбес құрамды бөлігі болуы қажет.

Биыл Астанада «ЭКСПО — 2017» халықаралық көрмесі «Болашақтың энергиясы» атты тақырыппен өтеді. Бұл әлемде қордаланып қалған экологиялық проблемаларды шешуге үлкен ықпал етпек. Мемлекет басшысы Н. Назарбаевтың 2017 жылғы 31 қаңтардағы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына жолдауында мұндай өте маңызды әлемдік деңгейдегі іс-шараны ТМД және Орталық Азия елдерінің арасында бірінші болып өткізетіндігімізді, Қазақстанның халықаралық аренада жоғары беделге ие болғанын атап өткен болатын.

Мемлекет басшысы Н. Назарбаевтың 2017 жылғы 31 қаңтардағы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына жолдауының төртінші басымдығы — адами капитал сапасын жақсарту. Елбасы өз сөзінде ең алдымен, білім беру жүйесінің рөлі өзгеруге тиіс екендігін және біздің міндетіміз — білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру. Оқыту бағдарламаларын сыни ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажет екендігін атап өткен болатын. Сонымен бірге, IT-білімді, қаржылық сауаттылықты қалыптастыруға, ұлтжандылықты дамытуға баса көңіл бөлу керектігіне баса назар аударды [ii].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

i. Колумбаева С. Ж., Білдебаева Р. М., Шәріпова М. Ә. Экология және тұрақты даму: Оқу құралы. — Алматы, 2012.

ii . Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауы 31.01.2017 г. // www.akorda.kz